

DEXP BlackBurn

сыртқы DVD-жетегі

Сыртқы DVD-жетек CD және DVD-дискілерде ақпаратты оқуға және жазуға арналған.

Сақтық шаралары

- Құрылғыға кіріктірілген лазер көз үшін аса қауіпті. Лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Құрылғыны қуатты магниттік сәулеленуі бар объектілердің жанына қоймаңыз.
- Құрылғыны тегіс, орнықты беттерге ғана орналастырыңыз.
- Құрылғыны от, ылғал мен су, шаң, кір және т.б. әсерінен сақтаңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Модель: BlackBurn.
- Windows 98SE/2000/ME/XP/Vista/ Windows 7 / Windows 10 операциялық жүйелерімен үйлесімді.
- Қолдайтын форматтар: DVD+R, DVD+RW, DVD-R, DVD-RW, DVD-ROM, DVD-Video, CD-R/RW, CD-ROM/XA, CD-ROM, Audio CD, VCD, Photo CD, CD-EXTRA, CD-TEXT.
- Жазу жылдамдығы: 8x DVD+R, 4x DVD+RW, 2.4x DVD+R9, 24x CD-R, 16x CD-RW.
- Жазу жылдамдығы: 24x CD-ROM, 8x DVD-ROM.
- Ноутбуктер мен ДҚ үшін жарайды.
- USB-порттан қуат алу, DC IN 5V.

Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

Егер құрылғыны компьютерге қосқаннан кейін Сіз оны «Менің Компьютерім» мәзіріндегі құрылғылар тізімінен таппасаңыз, компьютеріңіздің «Басқару панелі» мәзіріне, содан кейін «Құрылғылар диспетчеріне» өтіңіз. Егер «USB контроллерлері» қойындысында бұл DVD-жетек болмаса, компьютерді қайта жүктеңіз, CMOS-қа кіріп, «CHIPSET FEATURES SETUP» немесе «INTEGRATED PERIPHERALS» қойындыларында «ON CHIP USB» жолының мәнін «Enabled» мәніне қойыңыз, өзгерістерді сақтап, компьютерді қайтадан жүктеңіз. Диск «Менің Компьютерім» мәзірінде айқындалуы тиіс.

DOS-жүйелерімен жұмыс істеу

Жетекті компьютерге қосыңыз, содан кейін оған дискіні салыңыз. BIOS-та «Boot from the optical drive first» (бірінші кезекте оптикалық жетектен іске қосу) опциясын таңдаңыз. Қайта жүктелгеннен кейін компьютер жетектен жүктелетін болады, және жетек DOS-жүйесінде жұмыс істеген кезде пайдаланылуы мүмкін.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі ауа температурасында және 80%-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес са-тылуы тиіс.
- Қалдықтарды бақыламай шығару нәтижесінде қоршаған ортаға әлеуетті зиян келтірмеу үшін, бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сай жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, дереу авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Кепілді міндеттемелер

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сон-дай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепіл-дік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауы-стыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына адрес бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 24 ай.

Пайдалану мерзімі: 48 ай.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Чжунсиньли Электроник Тэкнолоджи Лимитед.

2-қабат, Индали Индастриал, № 96, Фуцзянь тас жолы, Гуаньланы, Лунхуа ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорртаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Тауар Еразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Интернеттегі адресі: www.dexr.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.